Ұйымдастырылған ісәрекетке дайындық	Д/О«Көңілді әуен» Мақсаты:сазсырнайда, барабан және металлофонмен қарапайым әуендерді ойнау. Балалар музыкалық аспаптарын тану және атау. **(музыка)** Д/О«Көңілді әуен» Мақсаты:асатаяқ, қарапайым әуендерді ойнау. Балалар музыкалық аспаптарын тану және атау. **(музыка)**	Д/О«Өмір қауіпсіздігі» Мақсаты:Қазақ тіліне тән ү, ұ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. **(қазақ тілі)** Д/О «Көңілді әуен» Мақсаты:Ағаш қасықтармен, сылдырмақтармен, қарапайым әуендерді ойнау. Балалар музыкалық аспаптарын тану және атау. **(музыка)**	Д/О «Тұрмыстық заттар» Мақсаты:Тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру.**(қазақ тілі)** Д/О«Көңілді әуен» Мақсаты:домбыра, қарапайым әуендерді ойнау. Балалар музыкалық аспаптарын тану және атау. **(музыка)**	Д/О «Туыстық қарым-қатынас» Мақсаты:Туыстық қарым-қатынасты («сіңлі», «жеңге», «жезде», «нағашы», «жиен», «бөле») білдіретін сөздерді үйрету. Өзінің отбасы, отбасылық мерекелер, отбасындағы қызықты оқиғалар, салт дәстүрлер туралы айтуға баулу **(қазақ тілі)**	Д/О «Төрт түлік» Мақсаты:Төрт түлікті бағатын адамдардың кәсіпшілік атауларын таныстыру: «қойшы», «жылқышы», «түйеші», «сиыршы» аталған атаулардың олардың еңбегімен байланыстылығын түсіндіру. Төрт түлік иелерінің төлдерді қалай шақыратынын балалардың өздеріне айтқызу.**(қазақ тілі)**
ББҰ кестесі бойынша ұйымдастырылған ісәрекет	**Музыка** **Тақырыбы: «Қай аспапта ойнаймын?» ойыны** **Мақсаты:** Қазақтың ұлттық аспаптарының (ішекті, ұрмалы,үрлемелі) өзіндік тембрлік дыбысталуымен таныстыру, ажырата білуге үйрету. Аспаптарда ойнауға машықтандыру, қызығушылықтарын арттыру. **1.Музыка залында балаларды көңілді музыкамен қарсы алу.** Балаларға аспаптардың (домбыра, қобыз, сазсырнай, асатаяқ, дауылпаз, т.б.) суреттері бейнеленген карточкалар ұсынылады. Музыка жетекшісі ширма артында жасырып бір аспапта ойнайды. Балалар мұқият	**Дене тәрбиесі** **Кеудеге арналған жаттығулар.** **Мақсаты:** Кеудеге арналған жаттығулар Екі қолды белге қойып, оңға-солға бұрылу (жылдам және бір қалыпты). Оңға, солға еңкею, шалқаю. Тұрған қалыпта екі аяқ бірге (алшақ), алға еңкейіп, қолдың саусақтарын аяқтың ұшына жеткізіп, заттарды қою және жоғары көтеру. Тізерлеп отырып, допты өзінен айналдыра домалату. **ЖДЖ:** Тізені бүгіп жазу (екіншісіне тұрып), еденде отырған қалпында, таяныштан ұстап отырып аяқтың ұшымен тұру, алға, жанына, артқа қадам жасау,	**Дене тәрбиесі** **Аяққа арналған жаттығулар.** **Мақсаты:** Аяқтың ұшына көтерілу және тұру. Екі аяқты кезекпен алға қою, алдымен өкшені, содан кейін аяқтың ұшын қою, тарсылдату. Қатарынан 4-5 рет жартылай отыру. Екі қолды белге қойып, екі жаққа созып, отыру. Тізені бүгу, алға созу, қайтадан бүгу және түсіру. Аяқтың ұшын созу, өкшені айналдыру. **ЖДЖ:** Бұрылу (оңға-солға), қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жағына жазу, қолды шапалақтау; қолды алға, жоғары, жан-жаққа көтеру, оларды бүгіп, жазу, саусақтарын ашып	**Музыка** **Тақырыбы: «анашым»** **Мақсаты:** Үйренген ән, әуендерді есте сақтап, бекіту үшін қолданылады. Әртүрлі көңіл күйдегі әуендерді кіріспесінен немесе үзіндісінен табуға машықтандырады **1.Музыка залында балаларды көңілді музыкамен қарсы алу.** Балалар шеңбермен айналып жүріп, әннің 1 – ші шумағын айтады. 2 – шумақты «Соқыр теке» айтады. 2 – шумақ басталғанда балалар бекіткен қолдарын жоғары көтереді, ал сыртта тұрған балалар ішке еніп, «Соқыр текеге» ұстатпаймыз деп жан жаққа жүгіреді. «Соқыр теке» біреуді	**Дене тәрбиесі** **Дербес қимыл белсенділігі.** **Мақсаты:** Балалардың доптармен, қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындарын қолдау, дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру. Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға тарту. **ЖДЖ:** Тізені бүгіп жазу (екіншісіне тұрып), еденде отырған қалпында, таяныштан ұстап отырып аяқтың ұшымен тұру, алға, жанына, артқа қадам жасау, аяқты алға, өкшеге қою.

	тыңдап, аспаптың дауысын тыңдайды. **2. Музыкалық-ырғақты қимыл:** **Лентамен жаттығу.** 1.Қолды екі жаққа жайып жоғары көтеру, қайта түсіру. 2.Қолды жоғары көтеріп денені оңға , солға иілту.	аяқты алға, өкшеге қою. **Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары:** 1.Бірнеше доға астынан еңбектеу. 2. Допты қақпа арқылы домалатуды қайталау. **Ойын:** «Апандағы аю» ойынын ойнау. **Қорытынды:** «Денені еркін ұста» баяу әуен ырғағымен демалу. **Қазақ тілі** **Тақырыбы:** «"Ертегі оқу "Торғай мен тышқан". Алдымен, кейін."» **Мақсаты**: Балаларға «Торғай мен тышқан» ертегісін таныстыру; қазақ тіліндегі сөздердің алуан түрлілігі туралы білімдерін дамыту, маусымдық өзгерістер, табиғат арасындағы байланыс туралы түсініктерін дамыту. Балаларды қазақ тіліндегі «Торғай мен тышқан» ертегісін тыңдауды, мазмұнын еске сақтауды үйрету; мәтін мазмұны бойынша сұрақтарды түсініп, жауап беруді меңгерту; құбылыстар тізбегін түсініп, «алдымен», «кейін» ұғымына сәйкес орналастыру біліктіліктерін дамыту; логикалық ойлауын, есту зейінін, еске сақтауын, сөйлеу тілдерін, қиялдарын дамыту. Байқампаздыққа, әдептілікке, жаңашырлыққа, ертегілерге деген	жұму. **Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары:** 1. Бірқалыпты жүгіру, шашырап, берілген бағытта, әртүрлі қарқынмен, заттардың арасымен шеңбер бойынша, аяқтың ұшыменжүгіру. **Ойын:** «Маған қарай еңбекте» ойынын ойнау. **Қорытынды:** Тыныс алу жаттығуын орындау.	ұстап алуға тырысады. Егер ұстап алса әннің 2 – ші шумағын айтады, ойын қайталанғанда ұсталған бала «Соқыр теке» болады. Егер ұстай алмаса «Соқыр теке» өзі болады. Соқыр теке, бақ, бақ Біз айтамыз тақпақ. Мықты болсаң қанекей, Бірімізді тап, тап. **2. Ән айту. «Тұлпарым»** Әннің мәтінін үйрету.	**Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары:** 1. Алақан мен тізеге тіреле, тура бағытта еңбектеу. **Ойын:** «Қояным, қояным тұршы» ойынын ойнау. **Қорытынды:** «Бокс» тыныс алу жаттығуы

		сүйспеншілікке тәрбиелеу.			
2- таңғы ас	Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын, майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю.				
Серуенге дайындық	Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату.				
Серуен	Бақылау. Құстарды бақылау. Мақсаты: құстардың аттарын атап үйрету. Торғай мен сауысқанның айырмашылығын табуға және олар туралы айта білуге жаттықтыру. 2. Қимылды ойындар: «Қуыспақ», «Мысық пен құстар». 3. Жеке жұмыс. Үш-төрт балаға тақпақ жаттату. Торғай ағаш қорғайды. Шыр-шыр еткен торғайды, Таспен атып торғайды, Қорғамасаң болмайды. Ұя бұзған оңбайды. Кіп-кішкене торғайлар, Құс өкпелеп кетеді, Ағаштарды қорғайды. Бақшамызға қонбайды. 4. Еңбек.Құстарға жем беру. 5. Көркем сөз. Торғай, торғай, тоқылдақ, Жерден тары шоқып ап. Бөтегесі томпайып, Шиық-шиық десіп отырады.	Ауа-райының жағдайларын ескеріп, таза ауада балалардың қимылдарды орындауы үшін жағдайлар жасау.			
		1. Бақылау. Ауа райын бақылау. Мақсаты:ауа райы туралы өз ойларын айтуға үйрету, кешегі күнгі ауа райымен салыстырып өзгешелігін айырып атауға жұмыстану. 2. Қимылды ойындар: «Мысық пен тышқан» , «Не өзгерді?» 3. Жеке жұмыс.Аспан туралы жұмбақтар шешу. 4. Еңбек. Телімдегі қағаз-қоқыстарды жинау. 5. Жұмбақ. Орақ болып туады, Табақ болып тұрады. (ай) Жымыңдатып көздерін, Түнде алыстан жанады. Таң атқанда өздері, Жасырынып қалады. (жұлдыздар) Желмен ұшып жетеді, Желмен ұшып кетеді. (бұлт)	1. Бақылау. Құстарды бақылау. Мақсаты: құстардың аттарын атап үйрету. Торғай мен сауысқанның айырмашылығын табуға және олар туралы айта білуге жаттықтыру. 2. Қимылды ойындар: «Қуыспақ», «Мысық пен құстар». 3. Жеке жұмыс. Үш-төрт балаға тақпақ жаттату. Торғай ағаш қорғайды. Шыр-шыр еткен торғайды, Таспен атып торғайды, Қорғамасаң болмайды. Ұя бұзған оңбайды. Кіп-кішкене торғайлар, Құс өкпелеп кетеді, Ағаштарды қорғайды. Бақшамызға қонбайды. 4. Еңбек.Құстарға жем беру. 5. Көркем сөз. Торғай, торғай, тоқылдақ, Жерден тары шоқып ап. Бөтегесі томпайып, Шиық-шиық десіп отырады.	Жәндіктерді бақылау (қызылқоңыз, жазғытұрғы қоңыз,солдатиктер,маса) Бақылау Балалардың жәндіктердің тіршілік орны,қозғалу тәсілдері және сыртқы түрлерінің ерекшелігі туралы білімдерін пысықтау; Сараптама жасауға үйрету. Себеп-салдарлы байланыстарын анықтау, қорытынды жасау, байқампаздықтарын, қызығушылықтарын дамыту. Тақырып бойынша сөздік қорларын жинақтау. Қимылды ойын «Көбелектер, бақалар,көккұтан» Алаңқайда қолдарын жоғары-төмен қозғалыста көбелек болып айналу дағдыларын пысықтау; төрт тағандап секіру-бақа,бір аяқпен тепе-теңдіті сақтап тұру-көккұтан. Тепе-теңдікті сақтап кеңістікте қозғалыс үйлестігін жетілдіру. Еңбек іс-әрекеті Гүлдің өсіндісін құмыраға отырғызу. Тәрбиешінің тапсырмасын орындау дағдыларын пысықтау. Бастаған істерін аяқтау, жұмыс істеу ниеттерін	1. Бақылау. Көбелектерді бақылау. Мақсаты: байқау қабілеттерін арттыру. Сұрақтарға нақты және толық жауап беруге үйрету. 2. Қимылды ойындар: «Ұшты-ұшты», «Кім тез жетеді?». 3. Жеке жұмыс.1-2 баланы санауға, санды тани білуге үйрету. 4. Еңбек.Телімдегі құмды көтеріп жинау. 5. Көркем сөз. Арнау өлең оқу Алақай, алақай ! Күн шықты, күн шықты, Жер үстіне нұр шықты

				тәрбиелеу. Дидактикалық ойын.Тәжірибе мен сараптама. «Төртінші артық» Балалардың топтау, салыстыру, қорытындылау дағдыларын дамыту; жәндіктер туралы білімін пысықтау. Өз бетімен іс-әрекет. Балалардың ойын барысында бір-бірімен қарым-қатынасын,өз іс-әрекеттерін және қылықтарын көрсете білу, өз ойын, көзқарасын, мүддесін қорғай алу; құрдастарының ұсыныстары мен келіспеушілігін сыпайы түрде көрсету біліктіліктерін арттыру	
Серуеннен оралу	Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше шешінуді жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату.				
Түскі ас	Тамақтану тәртібін сақтаудың және көгөністер мен жемістердің, дәрумендердің адам ағзасына пайдасы туралы түсінік беру.				
Күндізгі ұйқы	Аудио жазба-классикалық бесік жыры «Табиғат дыбыстары» релаксациялық жаттығу. Мақсаты: қалпына келтіру үшін ұйқы режимін орнату. «Ұйықтау уақыты келді ...» балалар рифмасын оқу				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну жетілдіру. Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу: дымқыл шүберекпен сүртіну, аяқтарды, денені шаю, Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен, жылы күндері шөптің, құмның үстімен жалаң аяқ жүру.				
Бесін ас	Тамақтану тәртібін сақтаудың және көгөністер мен жемістердің, дәрумендердің адам ағзасына пайдасы туралы түсінік беру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Тақырыбы:«Жұмыстың бәрі жақсы» (өлең) Мақсаты:Әдеби шығармаларды мұқият тыңдау, кейіпкерлерге жанашырлық таныту, ондағы әрекеттердің дамуын қадағалау, мазмұнын түсінуге және олардың мазмұнын қайталап айтуда сюжет	ДО «Жалғастыр» Мақсаты:, ересектермен бірге ертегі мен әңгіменің басын, соңын ойдан құрастыруға баулу. (**көркем әдебиет**) Тақырыбы:«Тұрмыстық электротехника» **Сурет салу**	ДО «Жалғастыр» Мақсаты:Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру (**көркем әдебиет**) Тақырыбы:Тұрмыстық заттар	Тақырыбы:«Алдар Көсе мен бай» ертегісі. Мақсаты:ересектермен бірге ертегі мен әңгіменің басын, соңын ойдан құрастыруға баулу. (**көркем әдебиет**) Тақырыбы:«Киіз үй оның жабдықтары» **Сурет салу**	Тақырыбы:«Алдар Көсе мен бай» ертегісі. Мақсаты:Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру (**көркем әдебиет**) Тақырыбы:Ою-өрнектер

	желісінің реттілігін сақтауға, автор сөздерін айту, кейіпкерлердің мінезін беру, шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге үйрету. (**көркем әдебиет**) Тақырыбы:Мамандықтар иесі **Сурет салу** Мақсаты:Балаларды суреттерді қаламмен бояуға үйрету, заттарды бояуда сызбалар мен жақпаларды бір бағытта жоғарыдан төменге ырғақты түрде бояу. **Мүсіндеу** Мақсаты:. Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру,. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау **Жапсыру** Мақсаты:Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өз бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. **Құрастыру** Мақсаты:Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (киіз үйдің жабдықтары), тұрмыстық заттарымен (күбі, мес, келі, тостаған, ожау, астау, диірмен) таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	Мақсаты:Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу. Балаларды суреттерді қылқаламмен, бояуға үйрету, заттарды бояуда сызбалар мен жақпаларды бір бағытта жоғарыдан төменге ырғақты түрде бояу. **Мүсіндеу** Мақсаты:Мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістеуге үйрету. Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру **Жапсыру** Мақсаты:Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру. Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, ал-дымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу. **Құрастыру** Мақсаты:Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту, құрылыс жобасын бірлесіп ойла-стыру, құрдастар арасында міндеттерді бөлісу, түрлі құрылымдық тәсілдерді қол-дану, командамен бірге нәтижеге қол жеткізу, дайын	**Сурет салу** Мақсаты:Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу. Балаларды суреттерді қылқаламмен, бояуға үйрету, заттарды бояуда сызбалар мен жақпаларды бір бағытта жоғарыдан төменге ырғақты түрде бояу. **Мүсіндеу** Мақсаты:Мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістеуге үйрету. Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру **Жапсыру** Мақсаты:Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру. Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, ал-дымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу. **Құрастыру** Мақсаты:Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту, құрылыс жобасын бірлесіп ойла-стыру, құрдастар арасында міндеттерді бөлісу, түрлі құрылымдық тәсілдерді қол-дану, командамен бірге нәтижеге қол жеткізу, дайын құрылысты талдау	Мақсаты:Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу. Балаларды суреттерді қаламмен бояуға үйрету, заттарды бояуда сызбалар мен жақпаларды бір бағытта жоғарыдан төменге немесе солдан оңға пішіннің шеткі сызығынан шықпай ырғақты түрде бояу. **Мүсіндеу** Мақсаты:Кескішті қолдануды үйрету, оның көмегімен жасалған бұйымды безендіруге ынталандыру. **Жапсыру** Мақсаты:Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, киіз үй оның жабдықтарымен, сандық, кебежемен, қоржынмен таныстыру. **Құрастыру** Мақсаты:Қағаздан құрастыруға үйрету: «оригами» . бойынша қарапайым пішіндер құрастыру. Қ/О: **"Көл иесі"** **Мақсаты**: ептілікті, реакция жылдамдығын, зейінін, батылдығын, бастаған ісін соңына дейін жеткізе білуге, психикалық қысқыштарды жеңуге, өзіне деген сенімсіздікті дамыту. **Ойы (Қауіпсіздік дағды)**	**Сурет салу** Мақсаты:Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу. Балаларды суреттерді қаламмен бояуға үйрету, заттарды бояуда сызбалар мен жақпаларды бір бағытта жоғарыдан төменге немесе солдан оңға пішіннің шеткі сызығынан шықпай ырғақты түрде бояу. **Мүсіндеу** Мақсаты:Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу. **Жапсыру** Мақсаты: Геометриялық пішіндерден, өсімдіктерден әзірленген ою-өрнектерді жолаққа бірізділігін ескере отырып, жапсыру дағдыларын қалыптастыру **Құрастыру** Мақсаты:Қағаздан құрастыруға үйрету: «оригами» . бойынша қарапайым пішіндер құрастыру. **Қ/О: "Таптау, шапалақтау" физикалық минуты** **Ережелер:** егер балалар дұрыс істеп жатса - шапалақтау, егер дұрыс болмаса - таптау. **(Қауіпсіздік дағды)**

	Қауіпсіздік ережелерін сақтау **«Жолаушылар»** Балалардың көңілдерін көтеріп саяхатқа шығару. Саяхатқа баратын көлік түрлерімен таныстыру. Жолға шыққанда балаларға жол жүру ережесін түсіндіру. **(Қауіпсіздік дағды)**	құрылысты талдау **Қ/О: "Қиындыққа тап болған құстар"** **Мақсаты:** реакция жылдамдығын, ептілігін, кеңістіктегі бағдарын дамыту; борыш сезімін, жануарлар әлеміне деген жанашырлықты, көршісіне көмектесуге деген ұмтылысты қалыптастыру. **(Қауіпсіздік дағды)**	**Қ/О: "Өртті кім тез сөндіреді"** **Мақсаты:** реакция жылдамдығын, ептілігін, зейінін дамыту; қимылдарды үйлестіруді жетілдіру. **(Қауіпсіздік дағды)**		
Балалармен жеке жұмыс	***ХАЙРАТҰЛЫ МҰСТАФА*** **"Көктем" тақпағын жаттау.** Көктем қырға төрледі, Төрт түлік мал төлдеді. Бәйшешектер құлпырып, Деп тұрғандай: «Көр мені!» Жылы мезгіл жетіпті, Тастадық біз етікті. Қар көктемге жеткізбей, Тауға шығып кетіпті! К.Ыбырайұлы **(қарым-қатынас іс-әрекет)**	***АБЛАКИМОВА АЙСАНА*** **"Сыпайы сөздер" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер. Балалардың өзін-өзі ұстау мәдениетін, сыпайылықты, әрқайсысына деген құрмет сезімін, досқа, бір-біріне көмектесуге деген ұмтылысқа тәрбиелеу. Барысы. Педагог балаларға әртүрлі сюжеттер бейнеленген суреттерді көрсетеді және сұрақтар қояды. Балалар сұрақтарға толық жауап береді. **(сөйлеуді дамыту)**	***ҚАДЫС ӘЛИХАН*** **Санамақтар айтқызу.** "Кел, санайық санамақ". Бір, екі, үш, Бір, екі, үш, Ал, кәнеки, үш! Төрт, бес, алты, жеті, Төрт, бес, алты, жеті, Мынау - ауыл шеті. Сегіз, тоғыз, он, Сегіз, тоғыз, он, Ал, кәнеки, қон! Асықпа да саспа, Бірден қайта баста. **(қарым-қатынас іс-әрекет)**	**АЛИЯР АЛАН** **Сурет салудан ойын-жаттығу** "Анамның портреті" Мақсат-міндеттер: балаларды ананың портреті салуға үйрету; екі көз, мұрын, ауыз сияқты бет мүшелерін мөлшерлеп, адамның бетін салу техникасын игерту.	***_АБАЙҚЫЗЫ ҚЫЗАЙЫМ*** **Ертегілерді ойдан шығару жаттығуы.** Мақсат-міндеттері: балаларды ұнаған суреттердің негінде жаңа ертегі, оқиғаны ойдан шығарып, әңгімелеуге машықтандыру; шығармашылық ойлауды дамыту. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)**
Серуенге дайындық	Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату.				
Серуен	1. Бақылау. Қардың еруін бақылау. Мақсаты: байқау қабілеттерін арттыру. Сұрақтарға нақты және толық жауап беруге үйрету. 2. Қимылды ойындар: «Ұшты-ұшты», «Кім тез жетеді?». 3. Жеке жұмыс.1-2 баланы санауға, санды тани білуге	1. Бақылау. Ауа райын бақылау. Мақсаты:ауа райы туралы өз ойларын айтуға үйрету, кешегі күнгі ауа райымен салыстырып өзгешелігін айырып атауға жұмыстану. 2. Қимылды ойындар: «Мысық пен тышқан» , «Не өзгерді?» 3. Жеке жұмыс.Аспан	1. Бақылау. Құстарды бақылау. Мақсаты: құстардың аттарын атап үйрету. Торғай мен сауысқанның айырмашылығын табуға және олар туралы айта білуге жаттықтыру. 2. Қимылды ойындар: «Қуыспақ», «Мысық пен құстар».	Бақылау Ауа райның ерекшелігі туралы білімдерін пысықтау; Сараптама жасауға үйрету. Себеп-салдарлы байланыстарын анықтау, қорытынды жасау, байқампаздықтарын, қызығушылықтарын дамыту. Тақырып бойынша сөздік қорларын жинақтау.	1. Бақылау. Күннің жарқырауын бақылау. Мақсаты: байқау қабілеттерін арттыру. Сұрақтарға нақты және толық жауап беруге үйрету. 2. Қимылды ойындар: «Ұшты-ұшты», «Кім тез жетеді?». 3. Жеке жұмыс.1-2 баланы санауға, санды тани білуге үйрету.

	үйрету. 4. Еңбек.Телімдегі құмды көтеріп жинау. 5. Көркем сөз. Арнау өлең оқу Алақай, алақай ! Күн шықты, күн шықты, Жер үстіне нұр шықты	туралы жұмбақтар шешу. 4. Еңбек. Телімдегі қағаз-қоқыстарды жинау. 5. Жұмбақ. Орақ болып туады, Табақ болып тұрады. (ай) Жымыңдатып көздерін, Түнде алыстан жанады. Таң атқанда өздері, Жасырынып қалады. (жұлдыздар) Желмен ұшып жетеді, Желмен ұшып кетеді. (бұлт)	3. Жеке жұмыс. Үш-төрт балаға тақпақ жаттату. Торғай ағаш қорғайды. Шыр-шыр еткен торғайды, Таспен атып торғайды, Қорғамасаң болмайды. Ұя бұзған оңбайды. Кіп-кішкене торғайлар, Құс өкпелеп кетеді, Ағаштарды қорғайды. Бақшамызға қонбайды. 4. Еңбек.Құстарға жем беру. 5. Көркем сөз. Торғай, торғай, тоқылдақ, Жерден тары шоқып ап. Бөтегесі томпайып, Шиық-шиық десіп отырады.	Қимылды ойын «Көбелектер, бақалар,көккұтан» Алаңқайда қолдарын жоғары-төмен қозғалыста көбелек болып айналу дағдыларын пысықтау; төрт тағандап секіру-бақа,бір аяқпен тепе-теңдіті сақтап тұру-көккұтан. Тепе-теңдікті сақтап кеңістікте қозғалыс үйлестігін жетілдіру. Еңбек іс-әрекеті Гүлдің өсіндісін құмыраға отырғызу. Тәрбиешінің тапсырмасын орындау дағдыларын пысықтау. Бастаған істерін аяқтау, жұмыс істеу ниеттерін тәрбиелеу. Дид. ойын.Тәжірибе мен сараптама. «Төртінші артық» Балалардың топтау, салыстыру, қорытындылау дағдыларын дамыту; жәндіктер туралы білімін пысықтау. Өз бетімен іс-әрекет Балалардың ойын барысында бір-бірімен қарым-қатынасын, өз іс- әрекеттерін және қылықтарын көрсете білу, өз ойын,көзқарасын, мүддесін қорғай алу; құрдастарының ұсыныстары мен келіспеушілігін сыпайы түрде көрсету біліктіліктерін арттыру	4. Еңбек.Телімдегі құмды көтеріп жинау. 5. Көркем сөз. Арнау өлең оқу Алақай, алақай ! Күн шықты, күн шықты, Жер үстіне нұр шықты
Балалардың үйге қайтуы	Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелесу. Әдептілік сөздерді үйретуін ескерту.	Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелесу. Үйде баланың өзі киініп, өзі шешінуін қадағалап, талап етіп отыруды түсіндіру.	Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелеу. Бала тәрбиесіне көңіл бөлуді ескерту.	Баланың бүгінгі жетістігі, бала денсаулығы мен тамағы жөнінде әңгімелесу.	Демалыс күндері күн тәртібін сақтауын ата-аналардан талап ету.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымыЖШС «Лаяна» балабақшасы

«Радуга» ересек тобы

Балалардың жасы- **4 жастағы балалар**

Жоспардың құрылу кезеңі: 11-14.03.2025 жыл

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау		Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. **(Күй қосу, күй күмбірі)** Д/О «Жануарлар» Мақсаты:Балаларды әңгіме айтуға үйрету: суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, шығармалардың, талқылауға баулу.(**Сөйлеуді дамыту**) Д/О«Қамажай» Мақсаты:Қазақтың ұлттық би өнерімен таныстыру. «Қамажай» биін үйрету. (**музыка**) **«Сандықтың ішіндегі не бар?»** Міндеті: Баланың ұлттық бұйымдарды танып, сөздік қорын дамыту. Ойын барысы: Кішкене сандыққа ұлттық бұйымдарды салып, оны ашып, бір бұйымды көрсетіңіз. Мысалы: "Бұл домбыра. Ол музыкалық аспап" деп түсіндіру. **(Біртұтас тәрбие)**	Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрау. **(Күй қосу, күй күмбірі)** Д/О"Ғажайып қалта" Мақсаты:Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету. (**Сөйлеуді дамыту**) Д/О«Көңілді әуен» Мақсаты:Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойымен ән ай-тып жүру, қимылдарды өзгерту, шапшаңдық пен ептілік таныту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу, атрибуттармен би қимылдарын орындау (**музыка**) **«Оюларды таны»** Міндеті: Баланың түстерді ажырату қабілетін дамыту. Ойын барысы: Түрлі-түсті ою-өрнектерді немесе заттарды көрсетіп, олардың түсін атауды сұраңыз. Мысалы: "Бұл қызыл ою. Бұл сары ою." **(Біртұтас тәрбие)**	Балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. **(Күй қосу, күй күмбірі)** Д/О"Атын атап бер" Мақсаты:Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, үйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде, сан есімдерді ретімен атауға, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде, зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға, етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүгір). (**Сөйлеуді дамыту**) Д/О«Қамажай» Мақсаты:Қазақтың ұлттық би өнерімен таныстыру. «Қамажай» биін үйрету. (**музыка**) **"Хан"** Бұл ойында арнайы таңдалған бір асық "хан" деп аталады. Ойыншылардың мақсаты — алшадан асықтарды ата отырып, соңында "ханды" құлату. **(Біртұтас тәрбие)**	Балаларды көтеріңкі көңілді муызкамен қарсы алу. **(Күй қосу, күй күмбірі)** Д/О «Үй жануарлары» Мақсаты:Балаларды шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу. (**Сөйлеуді дамыту**) Д/О «Көңілді әуен» Мақсаты:Жеңіл, ырғақпен қозғалу; жұппен би қимылдарын орындау; билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану (**музыка**) **«Қуыр-қуыр, қуырмаш»** Міндеті: Баланың эмоционалдық байланысын нығайту, сенсорлық қабілетін дамыту.Ойын барысы: Баланың алақанын өз алақаныңызбен сипай отырып, "Қуыр-қуыр, қуырмаш" өлеңін айтасыз. Өлеңнің соңында оның саусақтарын жұмып "саусақты жасырып қойдыңыз" деп ойнайсыз. **(Біртұтас тәрбие)**
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.				

беру					
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)		*Қимылды ойын «Шарды ұста»* **(Экологиялық тәрбие)** Д/О «Нешінші?» Мақсаты:5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға «нешінші?» сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, «барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету (**Математика негіздері**) Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға тарту. Балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ағзаға түсетін салмақты реттеу.	Қимылды ойын: «Поезд» **(Экологиялық тәрбие)** Д/О «Салыстыр» Мақсаты:Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру. Тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы қалыптастыру, «қанша болды?», «қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге үйрету. 5 көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру (**Математика негіздері**) «Денсаулық - зор байлық» сөзінің мәнін түсіну, өзінің жасаған ісәрекетінің ағзаға әсерін, тістерді тазалаудың пайдасын, суық тимеудің алдыналуға болатынын түсіну. Салауатты өмір салты туралы ұғымдарды кеңейту.	Дидактикалық ойын: «Ұшақтар» Фланелеграфқа ұшақты жапсырту. **(Экологиялық тәрбие)** Д/О «Салыстыр» Мақсаты:Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру. Ұзындығы, ені бойынша екі затты салыстыру, екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып (**Математика негіздері**) Дене белсенділігі (таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының қанық болуының пайдасы туралы түсінікті кеңейту. Құлап қалған кезде өзіне қарапайым көмек көрсетуге, науқастанған кезде ересектерге жүгінуге баулу.	Қимылды ойын: «Автобус» «Дұрыс», «дұрыс емес», «қауіпті» түсініктерімен таныстыру . Көшедегі көліктердің қауыпты екенін түсіндіру. **(Экологиялық тәрбие)** Д/О «Салыстыр» Мақсаты:заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу (**Математика негіздері**) Балалардың доптармен, қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындарын қолдау, дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру.
Таңертенгі жаттығу	**Таңертенгі жаттығу (затпен)** 1. Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру (бір уақытта, кезекпен), төмен түсіру, қолдарын арқасына апару: қолдарды төмен түсіру; 2. қолдарын алға-артқа сермеу; 3. қолды иыққа қойып, шынтақтарын бүгіп, қолдарын айналдыру. 4. Тұрған қалыпта екі аяқ бірге (алшақ), алға еңкейіп, қолдың саусақтарын аяқтың ұшына жеткізіп, заттарды қою және жоғары көтеру. 5. Тізерлеп отырып, допты өзінен айналдыра домалату. 6. Бір аяқты жоғары көтеріп, жоғары көтерілген аяқтың астынан затты бір қолдан екінші қолға беру. 7. Қолына зат ұстап, шалқасынан жатып, қолды созу және осы қалыпта етпетінен бұрылып жату. **8.** Етпетінен жатқан қалыпта иықтарын, басын, қолдарын алға созып көтеру. 9. Тізені бүгу, алға созу, қайтадан бүгу және түсіру. 10. Аяқтың ұшын созу, өкшені айналдыру. **11.** Аяқтың бақайларымен жіпті жинау, құм салынған қапшықтарды өкшелермен қысып алып, бір орыннан екінші орынға қою. 12. Тыныс алу жаттығу**(дене шынықтыру)**.				
Таңғы ас	Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, қол орамалды пайдалануды үйрету.				

Ұйымдастырылған ісәрекетке дайындық		Д/О «Сиқырлы сөздер» Мақсаты:Шағын өлеңдер жаттату, жұмбақтар шешкізу. Шығарманы жеткізуде оның мазмұны мен сипатына сәйкес түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық ек-пінді қолданып, мәнерлеп айтуға баулу.(**қазақ тілі**) Д/О «Жануарлар» Мақсаты:Төрт түлік және оның төлдері (мінезіндегі ерекшеліктер, қозғалысы, қоректенуі, адамдарға пайдасы), оларға күтім жасаудағы ересектердің еңбегі туралы ұғымда-рын кеңейту. (**қоршаған ортамен таныстыру**)	Д/О «Театр» Мақсаты:Тыңдалған шығарма кейіпкерлерінің бейнесін сахналық қойылымдарда жеткізе білуге білуге мүмкіндік беру.(**қазақ тілі**) Д/О «Көктемде» Мақсаты:Бақылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді: көктемде көбелектер, қоңыздардың пайда болуы, құстардың көбеюі, олардың сайрауы, шықылықтауы, шиқылдауы, ұя салуы, балапан шығаруы, олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайларды: азық, су, жылу, жарық, мекендейтін орнын анықтау (**қоршаған ортамен таныстыру**)	Д/О «Жемсауытқа жем саламыз» Мақсаты:Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуге үйрету. Етістіктің болымсыз түрін немесе есім сөздермен қолданылатын «емес» шылауын қолдана білуге үйрету, үлгі бойынша жай, жайылма сөйлемдер құра білуге үйрету. Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру. (**қазақ тілі**) Д/О «Электр құралдары» Мақсаты:Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын меңгеру (электр құралдарынан сақ болу, өз бетінше от жақпау, сіріңкемен ойнамау, терезенің алдына шықпау, баспалдаққа көтерілгенде және түскенде таянштан ұстау) (**қоршаған ортамен таныстыру**)	Д/О «Төрт түлік» Мақсаты:Төрт түлікті бағатын адамдардың кәсіпшілік атауларын таныстыру: «қойшы», «жылқышы», «түйеші», «сиыршы» аталған атаулардың олардың еңбегімен байланыстылығын түсіндіру. Төрт түлік иелерінің төлдерді қалай шақыратынын балалардың өздеріне айтқызу. (**қазақ тілі**) Д/О «Жануарлар мен өсімдіктер» Мақсаты:Бөлме өсімдіктеріне және табиғат бұрышындағы жануарларға күтім жасау, адамның табиғатқа қамқорлық танытуының маңызы туралы білімдерін қалыптастыру (**қоршаған ортамен таныстыру**)
ББҰ кестесі бойынша ұйымдастырылған ісәрекет		**Дене шынықтыру** **Жүгіру.** **Мақсаты:** Бірқалыпты, шашырап, берілген бағытта, әртүрлі қарқынмен, заттардың арасымен, аяқтың ұшымен, белгі бойынша тоқтап, бірінің соңынан бірі (20м дейін) шағын топқа бөлініп және бүкіл топпен жүгіру; бағытты өзгертіп, шашырап, 30-40 секунд бойына тоқтамай жүгіру. **ЖДЖ:** Бұрылу (оңға-солға), қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жағына жазу, қолды шапалақтау; қолды алға, жоғары, жан-жаққа көтеру, оларды бүгіп, жазу,	**Дене шынықтыру** **Сауықтыру-шынықтыру шаралары.** **Мақсаты:** Балаларды топта жеңіл киінуге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету. **ЖДЖ:** Тізені бүгіп жазу (екіншісіне тұрып), еденде отырған қалпында, таянштан ұстап отырып аяқтың ұшымен тұру, алға, жанына, артқа қадам жасау, аяқты алға, өкшеге қою. **Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары:** 1.Бірнеше доға астынан еңбектеу. 2. Допты қақпа арқылы домалатуды қайталау. **Ойын:** «Апандағы аю» ойынын	**Музыка** **Тақырыбы: «Соқыр теке»** **Мақсаты:** Үйренген ән, әуендерді есте сақтап, бекіту үшін қолданылады. Әртүрлі көңіл күйдегі әуендерді кіріспесінен немесе үзіндісінен табуға машықтандырады **1.Музыка залында балаларды көңілді музыкамен қарсы алу.** Балалар шеңбермен айналып жүріп, әннің 1 – ші шумағын айтады. 2 – шумақты «Соқыр теке» айтады. 2 – шумақ басталғанда балалар бекіткен қолдарын жоғары көтереді, ал сыртта тұрған балалар ішке еніп, «Соқыр текеге» ұстатпаймыз деп жан жаққа жүгіреді. «Соқыр теке»	**Дене шынықтыру** **Жүгіру.** **Мақсаты:** Бірқалыпты, шашырап, берілген бағытта, әртүрлі қарқынмен, заттардың арасымен, аяқтың ұшымен, белгі бойынша тоқтап, бірінің соңынан бірі (20м дейін) шағын топқа бөлініп және бүкіл топпен жүгіру; бағытты өзгертіп, шашырап, 30-40 секунд бойына тоқтамай жүгіру. **ЖДЖ:** Бұрылу (оңға-солға), қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жағына жазу, қолды шапалақтау; қолды алға, жоғары, жан-жаққа көтеру, оларды бүгіп, жазу, саусақтарын ашып жұму. **Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары:**

		саусақтарын ашып жұму. **Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары:** 1. Ұзындығы 2,5-2 м, ені 25 см (2 жаста), 20 см (3 жаста) тақтай бойымен жүру, жіптен немесе таяқтан аттап өту. **Ойын:** «Ненің жүрісі?» ойынын ойнау. **Қорытынды:** Балаларды жалпы мадақтау. Тыныс алу жаттығуын жасау. **Қазақ тілі** **Тақырыбы:**"Көктем мезгілі. Көктемгі табиғат құбылыстары." **Мақсаты:** Балалардың ұғымындағы көктем мезгілі және көктемгі табиғат құбылыстары жайлы білімдерін кеңейту; құстардың ерекшеліктері жайлы түсініктерін қалыптастыру; 8 наурыз - аналар мерекесі жайлы түсініктерін дамытуға ықпал етуді жалғастыру. Балаларға қазақ тілін тақпақтар арқылы түсініп, қабылдауды үйрету; қазақша әңгіме мен тақпақ жанрларын ажырату біліктіліктерін дамыту; көктем жайлы тақпақ жаттауға жаттықтыру; жыл мезгілі жайлы кішігірім, тұтас әңгімені модельдеу біліктіліктерін, көктемгі құбылыстар жайлы жай сөйлем құрастыруды дамыту; еске сақтау, көру, ойлау қабілеттерін, жағымды эмоция таныту біліктіліктерін дамыту. Байқампаздыққа, ізденімпаздыққа, табиғатқа	ойнау. **Қорытынды:** «Денені еркін ұста» баяу әуен ырғағымен демалу.	біреуді ұстап алуға тырысады. Егер ұстап алса әннің 2 – ші шумағын айтады, ойын қайталанғанда ұсталған бала «Соқыр теке» болады. Егер ұстай алмаса «Соқыр теке» өзі болады. Соқыр теке, бақ, бақ Біз айтамыз тақпақ. Мықты болсаң қанекей, Бірімізді тап, тап. **2. Ән айту. «Тұлпарым»** Әннің мәтінін үйрету.	1. Ұзындығы 2,5-2 м, ені 25 см (2 жаста), 20 см (3 жаста) тақтай бойымен жүру, жіптен немесе таяқтан аттап өту. **Ойын:** «Ненің жүрісі?» ойынын ойнау. **Қорытынды:** Балаларды жалпы мадақтау. Тыныс алу жаттығуын жасау.

		деген сүйіспеншіліктерін дамыту.			
2- таңғы ас	Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын, майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю.				
Серуенге дайындық	Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату.				
Серуен	Ауа-райының жағдайларын ескеріп, таза ауада балалардың қимылдарды орындауы үшін жағдайлар жасау.				
		1.Бақылау. Жәндіктердің алғашқы жануын бақылау. Мақсаты: Жәндіктер туралы білімдерін толықтыру. Құмырсқа , масаларды бақылату арқылы олардың шағатынын, еңбекқорлығын көруге үйрету. 2. Қимылды ойындар: «Масаны ұстап ал» «Үйсіз қоян» 3.Жеке жұмыс. Жәндіктер туралы жұмбақтар шешу. 4.Еңбек. Жәндіктерге нан қиқымын беру. 5. Көркем сөз. Құмырсқа батыр. Қимылдап жатыр. Алды да ырғап, Көтерді «бір қап» Құмырсқа қыстан, Шығады жырғап. Жалқауға күллі- Құмырсқа үлгі.	1. Бақылау. Құстарды бақылау. Мақсаты.сауысқан, торғай, қарғаның қимылы-қозғалыстарындағы өзгешеліктерді байқауға және айтуға үйрету. т.б 2. Қимылды ойындар: «Құстар мен мысық» , «Ақ серек, көк серек» «Ұшты-ұшты» 3. Жеке жұмыс. 4-5 баланы көздеп түсіруге жаттықтыру. 4. Еңбек.Телімді жинастыру. 5. Жұмбақ жасыру. Қайталап атымды, Көктемде ән саламын. Кез келген ұяға Жұмыртқа саламын. (көкек) Ұшқаны қызық жалпылдап, Өзі сондай қарқылдақ. (қарға)	1. Бақылау. Көгершіндер мен торғайларды бақылау. Мақсаты: құстардың атауларын айтуға, бір-бірінен ажыратуға үйрету. Оларға қамқор болуға тәрбиелеу. 2. Қимылды ойындар: «Мысық пен тышқан» «Ормандағы аюлар» 3. Жеке жұмыс.Алақанмен допты жерге ұрып жаттықтыру. 4. Еңбек. Гүлзарларға гүлдерді отырғызу. 5. Көркем сөз. Көгершін Көк көгершін, көгершін, Көгершін келер жем үшін. Балалар жем себелік, Жем жесін де семірсін.	1. Бақылау. Гүлдейтін ағаштарды бақылау. Мақсаты: Жеміс ағаштарының гүлдейтінін көрсету арқылы оларға түйнектің қалай пайда болатынын түсіндіру. Ағаштарды сындыпмай, күтіп-баптау қажеттігін білдіру. 2. Қимылды ойындар: «Мысық пен тышқан», «Қуыспақ» «Өз ағашыңды тап» 3. Жеке жұмыс. Балаларға шие және алма ағаштарын гүліне қарай ажыратуға жұмыстану . 4. Еңбек. Ағаш түбін қопсыту, су құю. 5.Көркем сөз. Отырғыз ағаш көктемде,\ Жөн болмақ еңбек еткенің. Келмесе шамаң еккенге, Сындырма жұрттың еккенін.
Серуеннен оралу	Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше шешінуді жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату.				
Түскі ас	Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу				
Күндізгі ұйқы	Аудио жазба-классикалық бесік жыры				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну жетілдіру. Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу: дымқыл шүберекпен сүртіну, аяқтарды, денені шаю, Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен, жылы күндері шөптің, құмның үстімен жалаң аяқ жүру.				
Бесін ас	Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды				

	жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)		Қ/О: **"Қауіпті заттар – өрт көзі"** **Мақсаты:** балаларды қауіпті заттардың арасынан өрттің жиі шығуына себеп болатын заттарды табуға үйрету. Логикалық ойлауды дамыту. **(Қауіпсіздік дағды)** Тақырыбы:«Қайырымды қоян» Мақсаты:мазмұнын түсінуге және олардың мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтауға, автор сөздерін айту (**көркем әдебиет**) Тақырыбы:Қоянның текеметі **Сурет салу** Мақсаты:Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері туралы білімдерін кеңейту. Дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерін: «құс қанаты», «бүршік», суретін салу, элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтау. **Мүсіндеу** Мақсаты:Мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістеуге үйрету. Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру **Жапсыру** Мақсаты:Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру. Түзу сызық	Қ/О: **Немен ойнауға болады"** **Мақсаты:** Зейінін, ойлау қабілетін дамыту. Өрт қауіпсіздігі туралы білімдерін бекіту. **(Қауіпсіздік дағды)** Тақырыбы:«Қызыл телпек» Ш.Пьеро Мақсаты:ересектермен бірге ертегі мен әңгіменің басын, соңын ойдан құрастыруға баулу. (**көркем әдебиет**) Тақырыбы:Текемет **Сурет салу** Мақсаты:Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері туралы білімдерін кеңейту. Дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерін: «қошқар мүйіз», суретін салу, элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтау. **Мүсіндеу** Мақсаты:сазбалшық, әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеу, әртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектерін ию, жеке бөліктерді тұтас бөліктен созу, майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндеу **Жапсыру** Мақсаты:Текшеден дөңгелек пішін, қиып алуға, бұл тәсілді гүлдерді, оюларды қиюда қолдану.	Қ/О: **"Отты айдаһар"** **Мақсаты**: дене шынықтыру дағдыларын жетілдіру, адымдап жүру, жорғалау; реакция жылдамдығын, ептілігін, батылдығын дамыту.**(Қауіпсіздік дағды)** Тақырыбы:«Қыс» Ә.Дүйсенбиев Мақсаты: мазмұнын түсінуге және олардың мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтауға, автор сөздерін айту (**көркем әдебиет**) Тақырыбы: Ою-өрнектер **Сурет салу** Мақсаты:Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері туралы білімдерін кеңейту. Дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерін: «қой ізі», «құс тұмсық» суретін салу, элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтау. **Мүсіндеу** Мақсаты:Ермексаз, әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеу, әртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектерін ию, жеке бөліктерді тұтас бөліктен созу, майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндеу **Жапсыру** Мақсаты:тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы	Қ/О: **"Ошақтағы от"** **Мақсаты:** реакция жылдамдығын, ептілігін, кеңістіктегі бағдарын, зейінін, төзімділігін дамыту; батылдық сезімін, тәртіптілікті, жеңіске деген ерік-жігер мен ұмтылысты, күнделікті өмірде өзін-өзі ұстау мәдениетін қалыптастыру. **(Қауіпсіздік дағды)** Тақырыбы:«Қызыл телпек» Ш.Пьеро Мақсаты:Әдеби шығармаларды мұқият тыңдау, кейіпкерлерге жанашырлық таныту, ондағы әрекеттердің дамуын қадағалау (**көркем әдебиет**) Тақырыбы: «Қызыл телпекке арналған сыйлық» **Сурет салу** Мақсаты:Пішінін ескере отырып, ою-өрнекті орналастыру, элементтер бірізділігін, олардың арасындағы арақашықтықтарды сақтау, 2-3 элементтерді түсі мен пішіні бойынша ұлттық оюларды ашық түстермен кезектестіру дағдыларын қалыптастыру **Мүсіндеу** Мақсаты:Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру. Кескішті қолдануды үйрету, оның көмегімен жасалған бұйымды безендіруге ынталандыру **Жапсыру** Мақсаты:Қайшыны дұрыс ұстауды

		бойымен ұзын жолақтарды қиюды үйрету **Құрастыру** Мақсаты:Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту, құрылыс жобасын бірлесіп ойластыру, құрдастар арасында міндеттерді бөлісу, түрлі құрылымдық тәсілдерді қолдану, командамен бірге нәтижеге қол жеткізу, дайын құрылысты талдау	**Құрастыру** Мақсаты:Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру. Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау.	сопақша пішіндерді қиып алуға, бұл тәсілді гүлдерді, оюларды қиюда қолдану. **Құрастыру** Мақсаты:«Лего» конструктор лардан құрастыру. Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, оларды сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдау, өз бетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру, құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау	және пайдалана білуді қалыптастыру. Түзу сызық бойымен алдымен қысқа, жолақтарды қиюды үйрету **Құрастыру** Мақсаты:Қағаздан құрастыруға үйрету: «оригами» . бойынша қарапайым пішіндер құрастыру
Балалармен жеке жұмыс		***ХАЛИДОЛДА МАҒЖАН*** **«Суреттер құрастыру».** Мақсат-міндеттері. Балаларға ұсақ суреттерден бір мазмұнды сурет құрастыруды үйрету, әңгіме құрастыра білу, тіл байлығын, ой-өрісін дамыту, әртүрлі мазмұнды суреттер құрастыруға балалардың қызығушылығын арттыру. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті)**	***БҰЛАНТАЙҰЛЫ АСЫЛЖАН*** **Қызықты логикалық есептер шығару.** Мақсат-міндеттер: балалардың ойлау жаттығуларына машықтандыру. **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**	***АЛИЯР АЛАН*** **Бала тілін дамыту. Тақпақтар жаттау.** Төлеу Шаханов тақпақтары. "Түлкі". Жем іздеп жүгіріп, Аңшыдан тығылып. Қақпанға жуымай Жүреді, қуын-ай! "Маймыл". Кәмпитті толтырып уысқа, Секірдің бұрыштан бұрышқа. Жолдасың таңырқап қарайды, Қызғаншақ болуың дұрыс па? **(қарым-қатынас іс-әрекет)**	***АБАЙҚЫЗЫ ҚЫЗАЙЫМ*** **Артикуляциялық жаттығу.** Мақсат-міндеттері. Бала тілін дамыту. Артикуляциялық жаттығулар айтқызу. Аюдың тапсырмасы артикуляциялық жаттығу жасау. 1) Ян - ян - секеңдеген ақ қоян, Ю - ю - ю - қорбаңдаған аю. Кі - кі - кі – бұл айлакер түлкі, Қыр - қыр - қыр - бұл көкжал қасқыр. 2) Ыр-ыр-ыр-ырылдайды қасқыр, Ра-ра-ра- бал жинайды ара, Мір-мір-мір- қап-қара көмір. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**
Серуенге дайындық	Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату.				
Серуен		1.Бақылау. Жәндіктердің алғашқы жануын бақылау. Мақсаты: Жәндіктер туралы білімдерін толықтыру. Құмырсқа , масаларды бақылату арқылы олардың шағатынын, еңбекқорлығын көруге үйрету. 2. Қимылды ойындар: «Масаны ұстап ал»	1. Бақылау. Құстарды бақылау. Мақсаты.сауысқан, торғай, қарғаның қимылы-қозғалыстарындағы өзгешеліктерді байқауға және айтуға үйрету. т.б 2. Қимылды ойындар: «Құстар мен мысық» , «Ақ серек, көк серек» «Ұшты-ұшты» 3. Жеке жұмыс. 4-5 баланы көздеп түсіруге жаттықтыру. 4. Еңбек.Телімді жинастыру.	1. Бақылау. Көгершіндер мен торғайларды бақылау. Мақсаты: құстардың атауларын айтуға, бір-бірінен ажыратуға үйрету. Оларға қамқор болуға тәрбиелеу. 2. Қимылды ойындар: «Мысық пен тышқан» «Ормандағы аюлар» 3. Жеке жұмыс.Алақанмен допты жерге ұрып жаттықтыру.	1. Бақылау. Гүлдейтін ағаштарды бақылау. Мақсаты: Жеміс ағаштарының гүлдейтінін көрсету арқылы оларға түйнектің қалай пайда болатынын түсіндіру. Ағаштарды сындыпмай, күтіп-баптау қажеттігін білдіру. 2. Қимылды ойындар: «Мысық пен тышқан», «Қуыспақ» «Өз ағашыңды тап» 3. Жеке жұмыс. Балаларға шие

		«Үйсіз қоян» 3. Жеке жұмыс. Жәндіктер туралы жұмбақтар шешу. 4. Еңбек.Жәндіктерге нан қиқымын беру. 5. Көркем сөз. Құмырсқа батыр. Қимылдап жатыр. Алды да ырғап, Көтерді «бір қап» Құмырсқа қыстан, Шығады жырғап. Жалқауға күллі- Құмырсқа үлгі.	5. Жұмбақ жасыру. Қайталап атымды, Көктемде ән саламын. Кез келген ұяға Жұмыртқа саламын. (көкек) Ұшқаны қызық жалпылдап, Өзі сондай қарқылдақ. (қарға)	4. Еңбек. Гүлзарларға гүлдерді отырғызу. 5. Көркем сөз. Көгершін Көк көгершін, көгершін, Көгершін келер жем үшін. Балалар жем себелік, Жем жесін де семірсін.	және алма ағаштарын гүліне қарай ажыратуға жұмыстану . 4. Еңбек. Ағаш түбін қопсыту, су құю. 5. Көркем сөз. Отырғыз ағаш көктемде,\ Жөн болмақ еңбек еткенің. Келмесе шамаң еккенге, Сындырма жұрттың еккенін.
Балалардың үйге қайтуы		Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелесу.	Баланың бүгінгі жетістігі, бала денсаулығы мен тамағы жөнінде әңгімелесу.	Демалыс күндері күн тәртібін сақтауын ата-аналардан талап ету.	Баланың денсаулығы мен тамағы жөнінде әңгімелесу.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымыЖШС «Лаяна» балабақшасы

«Радуга» ересек тобы

Балалардың жасы- **4 жастағы балалар**

Жоспардың құрылу кезеңі: 17-20.03.2025 жыл

Күн тәртібі.	**Дүйсенбі**	**Сейсенбі**	**Сәрсенбі**	**Бейсенбі**
Балаларды қабылдау	Достық эстафетасы арқылы қарсы алу. **(Күй қосу, күй күмбірі)** **Д/О «Не істеу керек, табамыз»** **Міндеті**:Сөздік қорды заттар тобын білдіретін жалпылаушы сөздермен (ыдыс, жиһаз), заттардың орналасқан жерін (сол, оң, қатар, жанында, арасында), (**сөйлеуді дамыту)** "Қамшы өру" ойыны Қол моторикасын жетілдіру, ұлттық мәдениетті таныстыру. **(Бір тұтас тәрбие)**	Менің елім әнімен қарсы алу. **(Күй қосу, күй күмбірі)** Д/О"Атын атап бер" Мақсаты:Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, үйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде, сан есімдерді ретімен атауға, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде, зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға, етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүгір). **(Сөйлеуді дамыту**) «Балалар кітапханасы» жобасы аясындаға балалар кітапханасы **(Біртұтас тәрбие)**	Балаларды қоңыраумен қарсы алу. Сылдырлатып қоңырауын соғып кіріп,келесі балаға береді **(Күй қосу, күй күмбірі)** Д/О«Үй мен киіз үйдің айырмашылығын ата» Мақсаты:Дикция бойынша жұмысты жалғастыру: сөздер мен сөз тіркестерінің дұрыс айтылуын жақсарту. (**Сөйлеуді дамыту**) Ою өрнек трафаретімен ойын,ұлттық құндылық, **(Бір тұтас тәрбие)**	Адай күйімен қарсы алу Сиқырлы сөздермен қарсы алу (көйлегің қандай әдемі т.б) **Күй қосу, күй күмбірі** Д/О«Жаңылтпаштар». Мақсаты:Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін жаңылтпаштар айтқызу. (**Сөйлеуді дамыту**) Асық ойындары Жіпке тізу. Түстерді ажырату **Бір тұтас тәрбие)**
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.			

